



Ахаева Акмарал Шахарбергеновна «Психология және коррекциялық педагогика» кафедрасының сениор-лекторы, психология магистрі

Ахаева А.Ш. 2004-2008 жж. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде «Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқыды. Біліктілігі – Педагог – психолог. Педагогика және психология пәнінің оқытушысы. 2010 жылы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистратураға түсіп, 2012 жылы педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алды.

2019-2022 жылдары Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Педагогика және психология» мамандығы бойынша докторантурада оқыды.

2008-2010 жылдары Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Шұбар орта мектебінде педагог-психолог қызметін атқарған.

2013-2020 жылдары Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультетінде жұмыс істеді.

2022 жылдың қыркүйек айынан бастап Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ «Психология және коррекциялық педагогика» кафедрасының сениор-лектор қызметін атқаруда. Жалпы және педагогикалық өтілі 12 жыл, оның ішінде ЖОО-да 10 жыл.

Педагогикалық және ғылыми тағылымдамадан өту:

1. 2020 ж. – «Жоғары оқу орындарының студенттеріне бағытталған жұмыстың тәрбиелік әдістері» курсы. «ТМД елдерінің техникалық білім беру саласын дамытудың халықаралық қоры» қоғамдық қоры (72 сағат).

2. 2021 ж. – «Қазіргі психологияның тарихы, жағдайы, тенденциялары» ғылыми тағылымдамасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы (72 сағат).

3. 2022 ж. – «Психологтың практикалық жұмысының негіздері: диагностика, кеңес беру, түзету» біліктілігін арттыру курстары. Біліктілікті арттыру институты, Алматы (72 сағат).

4. 2022 ж. – «Университеттің академиялық қызметіндегі интегралды GPA: енгізу тәжірибесі» оқыту семинары (No DO-071. 72 сағат).

Ахаева А.Ш. келесідей пәндерді оқытады: психология, дифференциалды психология, білім берудегі балалар психологиясы.

Басылымдардың жалпы саны – барлығы 20-дан астам ғылыми мақалалар мен екі оқу құралы жарық көрді.